

Спорттық-сауықтыру қызметтерін көрсету туралы шартқа №1 қосымша (жария оферта)

«Rakhat Fitness» спорт клубының балалар секцияларына бару ережесі

1.Ережелерді әзірлеу мақсаты

1.1.Осы Ереже Клубтың топтық және жеке балалар бағдарламаларына қатысатын кәмелетке толмағандардың Клуб үй-жайларында және аумағында болу кезеңіне олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

1.2.Осы Ереже жаттығу сабақтарын өткізу кезінде жаттықтырушылар мен нұсқаушылар құрамының жұмысы үшін оңтайлы жағдайлар жасауға, сондай-ақ балалар мен олардың заңды өкілдері үшін қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған.

1.3.Осы Ереже балалардың спорт секцияларына баруына байланысты қосымша шарттарды, талаптар мен міндеттерді белгілейді және Клубтың жалпы ережелерін толықтырады.

2.Терминдер және анықтамалар

2.1.Осы Ережелерде келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

- «Клуб» — «Орталық жүзу бассейні» ЖШС.
- «Бала» — балалардың топтық және жеке бағдарламаларына қатысатын 3 пен 15 жас аралығындағы адам.
- «Баланың заңды өкілі» - ата-аналар, асырап алушылар, қамқоршылар немесе ҚР заңнамасына сәйкес баланың мүдделерін білдіретін адамдар.
- «Турникеттің артындағы аумақ» - Клуб аумағының фойедегі турникеттердің артында орналасқан, спорттық іс-шараларға арналған бөлігі.
- «Ережелер» — балалар секцияларына барудың осы Ережелері.
- «Клуб ережесі» - уәкілетті орган бекіткен Клубқа барудың жалпы ережесі.
- «Абонемент» - таңдалған бағдарламаға сәйкес жаттығуға қатысу құқығын беретін құжат.

3.Жалпы ережелер

3.1.Баланы сабаққа жіберу үшін заңды өкіл келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:

- Спорт секциясының жаттығуларына қарсы көрсетілімдердің жоқтығын растайтын медициналық анықтама.
- Клуб кассасынан сатып алынған абонемент.
- Баланың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі мен түпнұсқасы.
- Заңды өкілдің өкілеттігін растайтын құжаттар (туу туралы куәлік, жеке куәлік, қажет болған жағдайда сенімхат).
- Клубтың талаптарына сәйкес 3*4см фотосуреті бар толтырылған сауалнама.

3.2.Құжаттарды жаттықтырушыға беруді сабақ басталар алдында Заңды өкіл жүзеге асырады.

3.3.Абонемент қайтарылмайды, сатып алынған сәттен бастап күшіне енеді және 30 күнтізбелік күн бойы жарамды болады.



3.4. Жаттығуларға келмеген жағдайда:

- Аурумен байланысты емес жағдайларда: абонементті ұзарту қарастырылмаған.
- Аурумен байланысты болған жағдайларда: педиатрдан анықтама болған кезде ең көбі 3 жаттығуға ұзартуға болады.

3.5. Аурудан кейін жаттығуды жалғастыру үшін педиатрдан жаттықтырушыға анықтама беру керек.

3.6. Абонементтің атаулы сипаты:

- Абонемент үшінші тұлғаларға берілмейді.
- Осы шарт бұзылған жағдайда абонемент өтемақысыз жойылады.

3.7. Абонементті жоғалтқан жағдайда:

- Заңды өкіл бекітілген прејскурантқа сәйкес қызметке ақы төлеу арқылы абонементті қалпына келтіре алады.
- Тек іс жүзінде қалған және пайдаланылмаған жаттығулар қалпына келтіруге жатады.

3.8. Материалдық жауапкершілік:

- Баланың заңды өкілі белгіленген тарифке сәйкес Клуб мүлкінің жоғалуы немесе бүлінуі үшін жауап береді (білезік, депозитарийдің немесе шкафтың кілті, гардероб кілтінің брелогі, шаш кептіргіш және т.б.).

4. Баланы жаттығуға жіберу

4.1. Жіберу тәртібі:

- Балаларды турникет арқылы Клуб аумағына кіргізу тек жаттықтырушының қатысуымен және рұқсатымен жүзеге асырылады.

4.2. Кешігу:

- Жаттығудың басталуына 5 минуттан артық кешіккен балалар жаттығуға жіберілмейді.

4.3. Жаттығуға дейінгі және жаттығудан кейінгі жауапкершілік:

- Бала жаттығуға дейін және одан кейін Клуб фойесінде болған кезде оған Заңды өкілдер жауапты болады.

4.4. Турникеттің артында болу уақытын шектеу:

- Балалардың турникеттің артында болу уақыты жаттығу аяқталғаннан кейін 15 минуттан аспауы тиіс.

4.5. Балаға көмектесу:

- Заңды өкілдер 5 жасқа дейінгі балаға киім ауыстыратын бөлмеде жаттықтырушының қатысуымен және оған хабарланған жағдайда киім ауыстыруға көмектесе алады.

4.6. Баланың жеке заттарын (сыртқы киім, көше аяқ киімі, өзге де заттар мен киім) сақтау тәртібі:

- Жеке заттарды киім ауыстыратын шкафтарға қою ұсынылады. Бұл жағдайда көшедегі аяқ киім алдын-ала су өткізбейтін пакетке салынуы керек.
- Су өткізбейтін пакеттегі сыртқы киім мен көше аяқ киімін Заңды өкілде қалдыруға рұқсат етіледі.
- Клуб арнайы бөлінген орындардан тыс қараусыз қалған жеке заттарының сақталуына жауапты болмайды.
- Жаттығу аяқталғаннан кейін киім ауыстыратын шкафтарда жеке заттарды қалдыруға тыйым салынады.



4.7. Баланың құнды заттары мен құжаттарын сақтау тәртібі:

- Бағалы заттар мен құжаттардың сақталу үшін оларды жаттығу басталар алдында Заңды өкілге беру керек.
- Клуб қараусыз қалған бағалы заттар мен құжаттар үшін жауап бермейді.

4.8. Баланың жоғалған және ұмытылған заттары:

- Клуб баланың жоғалған және ұмытылған заттары үшін жауап бермейді.
- Жоғалған және ұмытылған заттарды қайтару Клубтың ішкі ережелерінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

5. Жаттығулар кезіндегі әрекеттер

5.1. Жаттығу процесі:

- Жаттығуны жаттықтырушы баланың денсаулық жағдайы мен дайындық деңгейін ескере отырып, спорт түрлері бойынша әдістемелерге сәйкес өткізеді.

5.2. Заңды өкілінің қатысуы:

- Баланың Заңды өкілі жаттығудың аяқталуын күтіп, Клубтың фойесінде болуы мүмкін.

5.3. Турникеттің артында болуды шектеу:

- Ашық сабақтар мен Клубтық іс-шараларды қоспағанда, турникеттің артында жаттығу кезінде баланың Заңды өкілдерінің болуына тыйым салынады.

5.4. Киім мен аяқ киімге қойылатын талаптар:

- Турникеттің артындағы аумақта балалар ауыстырылатын спорттық аяқ киімде және тиісті спорттық киімде болуы керек.
- Формаға қойылатын талаптар бойынша нақтылауды жаттықтырушы береді.

5.5. Жарақаттар үшін жауапкершілік:

- Егер бала келесі жағдайларға байланысты жарақаттанған болса, оның жарақаттары үшін Клуб жауап бермейді:

- а) Клубтың ережелерін бұзған жағдайда;
- б) Баланың өзінің кінәсінен болса.

5.6. Баланың қауіпсіздігі:

- Келесі заттардың болуына тыйым салынады:

- а) зергерлік бұйымдар;
- б) сағыз;
- с) жаттығу кезінде аузындағы бөгде заттар.

- Тамақты жаттығу басталғанға дейін кем дегенде бір сағат бұрын қабылдау керек.

5.7. Жаттығулардан шеттету:

- Жаттықтырушы мынадай жағдайларда заңды өкілді хабардар ете отырып, баланы жаттығудан шеттетуге құқылы болады:

- а) бала тәртіпті бұзса;
- б) бала Клубтың мүлкіне зиян келтірсе;
- с) балада аурудың белгілері болса (температура, бөртпелер және т.б.);
- д) бала Клуб ережелерін бұзса.



6.Электрондық құрылғыларды пайдалану ережелері және фото және бейнетүсірілім тәртібі

6.1.Клуб барлық ұялы телефондарды/смартфондарды, электронды гаджеттерді заңды өкілдерде қалдыруды және оларды турникетен өткізбеуді ұсынады.

6.2.Турникеттің артындағы Клуб аумағында, әсіресе киім ауыстыратын бөлмелерде, душ бөлмелерінде және киінудің басқа аймақтарында фото және бейне түсіруге қатаң тыйым салынады.

6.3.Бала турникеттің артында фото немесе бейнетүсірілім үшін электрондық құрылғыны пайдаланған жағдайда, Клуб кейіннен заңды өкілге бере отырып, жаттығу аяқталғанға дейін құрылғыны уақытша алып қоюға құқылы.

6.4.Басқа балалардың фото - немесе бейнетүсірілім фактісі анықталған кезде Клуб абонемент құнын өтемей, одан әрі қызмет көрсетуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

6.5.Фото және бейнетүсірілім қағидаларын бұзған баланың заңды өкілі зардап шеккен тарапқа моральдық зиянды өтеуді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай бұзушылықтың кез келген салдары үшін толық жауапты болады.

6.6.Осы Ережелер бұзылған жағдайда Клуб әкімшілігі келесілерге құқылы болады:

- Баланы сабақтан дереу шеттетуге;
- Екі тараптың заңды өкілдерінің қатысуымен барлық фото және бейнематериалдарды жоюды талап ету;
- Қайта бұзылған жағдайда қызмет көрсетуден уақытша немесе тұрақты бас тарту.

6.7.Клубтық іс-шараларды, ашық сабақтар мен жарыстарды фото және видео түсіру үшін Клуб әкімшілігі алдын-ала хабарланған арнайы тәртіпті орната алады.